

ӘОЖ 2-472

ЖАСТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНДАҒЫ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ

Токжуманова Асель Сагадатовна

tok.aselya@mail.ru

Дінтану магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нур-Султан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Қабылова А.С.

Қазіргі кезде, пост-советтік кеңістікте, бүкіл әлемдегідей, дін әлеуметтік-қоғамдық процестерде әсіресе білім беру процессінде аса көрнекті рөл атқаруда. Бәлкім, бұл - қорғанудың бір амалы немесе көпқырлы мәдениетті нивелирлеуге, оларды өзінің уаымында бұлыңғырлауға құштар жаһандану процессінің қарқынды таралуына өзіндік жауабы болуы мүмкін. Дәл осы дін арқылы халықтың айтарлықтай бөлігі дәстүрлі құндылықтар мен адамгершілік ұйытқыларды жандандыруға ұмтылады. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың өмірінде де дін артып келе жатқан мәнға ие болып отыр. Біздің мемлекеттің болашағы жастардың қандай дүниетаным қалыптастыратынына байланысты. Әрине, рухани – адамгершілік тәрбиелеу процессін ұлттық ерекшеліктерден бөлек қарастыруға болмайды. Шынайы дін мен сенімсіз, шынайы мәдениетті құруға болмайды. Тарих көрсеткендей, діннің рөлін менсінбеген мемлекеттер, қандай асқар болмаса да дәуірі ғасырдан аспады.

Білім берудің жаңғыруын технократиялық құбылыс, біліммен пайдалану мен дағдылармен ғана сипатталанбайды. Бұл - уақыттың рухани қиындылықтарына жауап беруге арналған құндылықты мәдениет. Осы мағынада ол біздің қоғамның алдында қалыптастырылуы міндеттелген, қазіргі заманғы ұлттық мәдениет ретінде көрініс табуы тиіс. Айтарлықтай этномәдениеттік құндылықтармен діни толеранттылық бұл тұрғыда маңызды рөл атқарады.

Этномәдени білім беру жалпыадамзаттық өркениет пен тәрбиеге негізделген. Ол тек білімнің сомасын ғана емес, сонымен қатар сананы, интеллектті, көрегендікті, шыдамдылықты тасымалдауды қажет етеді. Бұл аспектіде этномәдени білім беру болашақ мамандардың адамгершілік негіздеріне, этика мен мораль түсініктерін қалыптастыруында және өмірлік тәжірибе қалыптастыруында үлкен рөл атқарады.

Діни өмір саласына қатысты халықтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бір бөлігі ретінде діни дәстүрлерді білу сөзсіз маңызды. Дінтанулық білім танымдық қана емес, практикалық әлеуметтік мәні бар, себебі ол, діни фанатизмнің дамуына тосқауыл болып мәдениаралық диалогтың қалыптасуына әсер етеді [1].

Дін – халық мәдениетінің рухани негізі. Оның қоғамда алатын орны қашанда ерекше. Сол себепті жас ұрпаққа діндер тарихы мен оның құндылықтары, рухани астары туралы мәлімет беру өмір талабы. Дінді зерттемей, тарихты түсіну қиын және кейде мүмкін емес.

Өткенді және оның ескерткіштерін зерттеудегі және түсінудегі діннің үлкен рөлін ескере отырып, біз оны адамзат тарихы мен мәдениетінің ажырамас, маңызды бөлігі ретінде қарастырамыз. Діни фактор саясатқа, экономикаға, ұлтаралық қатынастарға, отбасына, мәдениетке әсер етеді.

Дінтану ғылымын зерттеудегі тарихи ойлау принципін діни оқиғаларды, құбылыстарды олардың тарихи жағдайы тұрғысынан қарастыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, оқиғаларды әртүрлі бағалауды салыстыру ретінде ұсынамыз. Тарихи ойлау принципі діннің рөлін объективті, нақты тарихи тұрғыдан талдауға көмектеседі деп санаймыз. Мектеп оқушыларының тарихи ойлауын қалыптастыру кезінде біз маңызды діни оқиғаларды кең тарихи тұрғыдан қарастырамыз. Дінтану ғылымын зерттеуде тарихи ойлау принципін қолдану студенттерді діндер емес, адамдар мен мемлекеттер соғысып жатыр деген қорытындыға әкеледі.

Тарих, Дінтану сабақтарында оқушылар дін тарихы туралы, қазіргі әлемде әртүрлі идеологиялық бағыттарды бағдарлау үшін діннің қоғамдағы рөлі туралы ғылыми білім алуы керек. Мұғалімдер діннің теориясы мен тарихы туралы өз білімдерін жетілдіріп, оқыту процесінде өздерінің діни құмарлықтарын бақылауы керек. Оқушыларды рухани байыту үшін әлеуметтік-адамгершілік аспектілер, діннің халықтардың мәдениетіне, моральына, салт-дәстүрлеріне әсері туралы ақпарат маңызды. Дінтану ғылымын зерттеудегі тарихи ойлау принципі оқушылардың дін, оның мәні мен тарихы, діннің саясатпен өзара байланысы туралы тұтас көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, біздің ойымызша, дін тарихын жақсы білетін, тарихи ойлау қабілеті дамыған адам ешқашан өз халқы үшін күмәнді, дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдарға тартылмайды [2].

"Надандықтың қақтығысын" жеңе алатын негізгі факторлардың бірі-сапалы дінтану білімінің қалыптасуы. Сонымен қатар, дін саласындағы сапалы білім экстремизм мен терроризмнің алдын алуда тиімді қызмет етеді. Мұндай білім берудің маңыздылығы көптеген халықаралық ұйымдардың терроризмге қарсы іс-қимыл құралы ретінде білім беру жүйесін жетілдіру жөніндегі күш-жігерімен расталады. Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың белсенді мүшесі бола отырып және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қалыптастыру саясатын басым бағыттарының біріне айналдырып, жалпы білім беретін мекемелерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында діндерді зерделеуді қоса алғанда, дін саласындағы білім беруді жетілдіруге ерекше назар аударады [3].

Қоғамда толеранттылықты қалыптастыру процесі және дүниетанымдық плюрализмді жүзеге асыру мүмкіндігі өте күрделі. Осыған байланысты дінтану пәнін оқытудың білім беру және тәрбиелік маңызы зор, ол діндарлар мен сенбейтіндер арасындағы, әртүрлі конфессияларға жататын діндарлар арасындағы толеранттылықты, өзара түсіністік пен өзара құрметті қалыптастыруға ықпал етеді. Қоғамның көпконфессияналды жағдайында дінтануды зерттеу адамның діни және атеисттік нанымдарын құрметтеуге тәрбиелеуде оң рөл атқарады. Дінтану студенттердің бойында діннің барабар бейнесін және оған объективті көзқарасты қалыптастыруға, діннің мәдениет жүйесіндегі орны мен рөлін анықтауға бағытталған. Дінтану шеңберінде діннің шығу тегі мен мәнінің негізгі тұжырымдамалары, әлемдік және ұлттық діндердің даму тарихы, еркін ойлау және атеизм феномені, әлемдегі қазіргі діни ахуал зерделенеді.

Дінтануды зерделеу нәтижесінде студент діни құбылыс туралы белгілі бір ақпарат пен білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар толеранттылық пен діни төзімділік дағдыларын, дінтану мәселелерін талқылау кезінде диалог жүргізе білуі керек. Осылайша, дінтану кез-келген аудиторияда білім беру және адамгершілік-тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жалпы, қазіргі қоғамда да, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде де дінтанудағы қажеттіліктің өсіп келе жатқаны туралы айтуға болады [4].

Дінтану білімі қоғамда дүниетанымдық және конфессиялық толеранттылықты қалыптастыруға, ар-ождан бостандығын іске асыруға ықпал етуге арналған. Ар-ождан бостандығы ұғымын қалыптастырып, осы мәселе бойынша құқықтық нормалар туралы ақпарат бере отырып, дінтану жеке тұлғаның азаматтық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал

етеді. Дінтану білімін игеру дүниетанымдық диалог жүргізу дағдыларын игеруге, адамдардың әртүрлі ойлармен қарым-қатынасында қарама-қайшылықтарды алдын алуға көмектеседі. Нәтижесінде, бұл азаматтық келісімге және тұлғааралық қатынастарды үйлестіруге, әртүрлі конфессиялық ағымдардың өкілдері арасында, сондай-ақ діни және діни емес дүниетаным өкілдері арасында төзімділік орнатуға ықпал етеді.

Дінтану білімі, ағартушылық жастардың рухани қауіпсіздігін қалыптастырады және нығайтады, төзбеушілікке, фанатизмге, ксенофобияға, ұлтшылдыққа, экстремизмге қарсы иммунитетті дамытады, сектанттық, діни ықпалға тосқауыл болып табылады. Мектепте қалыптасқан рухани-дүниетанымдық толеранттылық оқушы жастарды ашықтық, демократия, тәуелсіздік, азаматтық, патриотизм рухында тәрбиелеуге ықпал етеді. Демократиялық қоғамда діни толеранттылықтың арқасында діни бостандық қамтамасыз етіліп, адам құқықтарына кепілдік беріледі. Діни төзімділік-бұл жастардың демократиялық құқықтық және саяси мәдениетін дамытудың қажетті шарты, алғышарты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тайжанов А., Кумыспаев С. Влияние религии на современный мир. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, - 2013

Этнокультурныщенностиирелигиознаятолерантностьвконтекстеглобализации образовани 364-370б.

2. Бердигожина З. Влияние религии на современный мир. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. Принцип исторического мышления при изучении религиоведения 76-82б.

3. <http://religions-congress.org/ru/news/novosti/1073>

4. Қалдыбаев Е. [Вестник КазНПУ](#). Қалдыбаев Е.М. К вопросу профессиональной подготовки религиоведов в республике Казахстан.